

"Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 24 қыркүйектегі Теңізге шыға алмайтын дамушы елдер үшін халықаралық талдамалық орталық құру туралы көпжақты келісімге қосылуы туралы" Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы туралы

Қазақстан Республикасының Үкіметінің 2014 жылғы 4 қарашадағы № 1173 қаулысы
Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**
«Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 24 қыркүйектегі Теңізге шыға алмайтын дамушы елдер үшін халықаралық талдамалық орталық құру туралы көпжақты келісімге қосылуы туралы» Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына енгізілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
Премьер-Министрі К. Мәсімов

Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 24 қыркүйектегі Теңізге шыға алмайтын дамушы елдер үшін халықаралық талдамалық орталық құру туралы көпжақты келісімге қосылуы туралы

Қ А У Л Ы Е Т Е М І Н :

1. Қазақстан Республикасы 2010 жылғы 24 қыркүйектегі Теңізге шыға алмайтын дамушы елдер үшін халықаралық талдамалық орталық құру туралы көпжақты келісімге қ о с ы л с ы н .
2. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
Президенті Н.Назарбаев

**ТЕҢІЗГЕ ШЫҒА АЛМАЙТЫН ДАМУШЫ ЕЛДЕР ҮШІН ХАЛЫҚАРАЛЫҚ
ТАЛДАМАЛЫҚ
ОРТАЛЫҚ ҚҰРУ ТУРАЛЫ КӨПЖАҚТЫ КЕЛІСІМ**

Біріккен Ұлттар Ұйымы 2010

К і р і с п е

Осы Келісімге қатысушы теңізге шыға алмайтын дамушы елдер, 2003 жылғы тамызда Қазақстан Республикасы, Алматы қаласында өткен Теңізге шыға алмайтын дамушы елдердің және дамушы транзит елдері мен донор елдер министрлерінің және қаржыландыру мен дамыту мәселелерімен айналысатын халықаралық мекемелер мен Біріккен Ұлттар Ұйымы жүйесінің органдары өкілдерінің халықаралық

конференциясының қорытындылары туралы еске сала отырып, теңізге шыға алмайтын дамушы елдер мен дамушы транзит елдері арасындағы транзиттік тасымалдар саласындағы ынтымақтастық үшін жаңа жаһандық шеңберде теңізге шыға алмайтын дамушы елдер ерекше мұқтажының қанағаттандырылуы туралы хабардар болуын арттыру мақсатында және Алматы іс-қимыл бағдарламасын толық және тиімді жүзеге асырудың маңыздылығы туралы еске сала отырып;

Министрлердің халықаралық конференциясының қорытындылары мен Алматы іс-қимыл бағдарламасы мақұлданған Бас Ассамблеяның 2003 жылғы 23 желтоқсандағы № 58/201 қарарына және Ұлан-Баторда теңізге шыға алмайтын дамушы елдер үшін Халықаралық талдамалық орталықты құру қолдау тапқан Бас Ассамблеяның 22 желтоқсандағы 64/214 қарарына сілтеме жасай отырып;

Алматы іс-қимыл бағдарламасын толық және тиімді жүзеге асыру және Мыңжылдық декларациясында тұжырымдалған дамыту саласындағы мақсаттарға қол жеткізу бойынша олардың келісілген күш-жігерлерінің қарқындылығын барынша арттыру үшін қажетті, теңізге шыға алмайтын дамушы елдерде талдама жасаушылық әлеуетін өрістетуге және озық практика туралы тәжірибе және ақпарат алмасуды кеңейтуге жәрдемдесу мақсатында теңізге шыға алмайтын дамушы елдер үшін Халықаралық талдамалық орталықты құру қолдау тапқан Бас Ассамблеяның 2009 жылғы 22 желтоқсандағы 64/214 қарарына одан әрі сілтеме жасай отырып; Бұл қарарда Бас Ассамблея неғұрлым аз дамыған елдер, теңізге шыға алмайтын дамушы елдер және дамушы шағын арал мемлекеттері бойынша Жоғары өкілдің кеңсесіне, Біріккен Ұлттар Ұйымы жүйесінің басқа тиісті ұйымдарына, мүше мемлекеттерге, сондай-ақ тиісті халықаралық және өңірлік ұйымдарға теңізге шыға алмайтын дамушы елдерге Халықаралық талдамалық орталықтың жұмысын ұйымдастыруда жәрдем көрсетуді ұ с ы н д ы ;

2007 жылғы тамызда теңізге шыға алмайтын дамушы елдер сауда министрлерінің кеңесінде қабылданған, теңізге шыға алмайтын дамушы елдердің Ұлан-Баторда Халықаралық талдамалық орталықты құру қажеттігі қайта расталған және халықаралық ұйымдар мен донор-елдерге теңізге шыға алмайтын дамушы елдерге осы жобаны жүзеге асыруда көмек көрсетуге табанды түрде шақыру өтініші жасалған Ұлан-Батор декларациясына сілтеме жасай отырып;

сондай-ақ Алматы іс-қимыл бағдарламасын жүзеге асыру бойынша күш-жігердің тиімділігін барынша арттыру үшін теңізге шыға алмайтын дамушы елдердің талдама жасаушылық әлеуетін өрістетуге мақсатында Ұлан-Баторда Халықаралық талдамалық орталықты құру туралы ұсыныс қолдау тапқан 2008 жылғы 3 қазанда Нью-Йоркте қабылданған Алматы іс-қимыл бағдарламасын жүзеге асырудың орташа мерзімдік шолудың соңғы қорытынды құжатына сілтеме жасай отырып;

2009 жылғы 25 қыркүйекте Нью-Йоркте өткен теңізге шыға алмайтын дамушы елдер министрлерінің сегізінші кеңесінің коммюникесіне және 2009 жылғы қазанда

теңізге шыға алмайтын дамушы елдер сауда министрлерінің үшінші кеңесінде қабылданған және теңізге шыға алмайтын дамушы елдер үшін Халықаралық талдамалық орталықты құру қолдау тапқан Эзулвиний декларациясына сілтеме жасай
о т ы р ы п ;

Теңізге шыға алмайтын дамушы елдер тобына Біріккен Ұлттар Ұйымының Теңіз құқығы жөніндегі конвенциясының 124-бабында айқындалғандай Біріккен Ұлттар Ұйымының теңіз жағалауы жоқ 31 мүше мемлекетінің кіретінін еске сала отырып;

Ұлан-Батор декларациясы қолдау тапқан және әртүрлі кеңестер мен конференциялардың қорытынды құжаттары мақұлданған 2009 жылғы шілдеде Мысырда өткен Қосылмау қозғалысының мемлекеттері мен үкіметтері басшыларының он бесінші саммитінің қорытынды құжатына сілтеме жасай отырып;

әлемдік нарықтардан алшақтық қиындықтар туғызатын теңізге аумақтық шығудың болмауын және тыйым салынған транзиттік шығындар мен тәуекелдердің теңізге шыға алмайтын дамушы елдердің экспорттық түсімдер алуда, жеке капиталды тартуда және ішкі ресурстарын жұмылдыруда бұрынғыдай елеулі шектеулер жасап отырғанын және осылайша олардың жалпы өсуі мен әлеуметтік-экономикалық дамуына зиянды ықпал ететінін одан әрі мойындай отырып ;

сондай-ақ теңізге шыға алмайтын дамушы елдердің мүддесінде талдамалық зерттеулер жүргізу үшін және теңізге шыға алмайтын дамушы елдерде талдамалық әлеуетті өсірудің стратегиялық мәселелері бойынша, экономикалық өсумен және кедейлік ауқымын қысқартумен, атап айтқанда транзиттік тасымалдармен, саудада көмектесумен және сауданы дамытуға жәрдемдесумен байланысты негізгі мәселелерде олардың консультациялық көмек көрсетуі үшін, сондай-ақ теңізге шыға алмайтын дамушы елдерді білдіретін Дүниежүзілік сауда ұйымы шеңберіндегі келіссөздерге қатысушылардың және басқа халықаралық мекемелердің келіссөздер жүргізуіне арналған тиісті қаражатының болуын қамтамасыз ету үшін теңізге шыға алмайтын дамушы елдердің озық тәжірибе орталығын құруы қажеттігін мойындай отырып;

Алматы іс-қимыл бағдарламасын тиімді жүзеге асыру мақсатында теңізге шыға алмайтын дамушы елдер арасында тығыз және тиімді ынтымақтастықтың қажеттігін
а т а п к ө р с е т е о т ы р ы п ;

теңізге шыға алмайтын дамушы елдер арасындағы ынтымақтастықты кеңейтуге және насихаттауға жәрдемдесу үшін тиісті тетіктер құрудың маңыздылығын және теңізге шыға алмайтын барлық дамушы елдердің тиімді қатысуымен және халықаралық ұйымдар мен донор-елдердің жан-жақты қолдауымен Халықаралық талдамалық орталықтың жұмыс істеуін және мандатын жүзеге асыру бойынша қызметін жеделдетудің қажеттігін растай отырып ;

төмендегілер туралы уағдаласты:

I бап

Халықаралық талдамалық орталық пен оның штаб-пәтерін құру

1.1. Осы Келісімге қатысушылар бұдан әрі «Теңізге шыға алмайтын дамушы елдер үшін Халықаралық талдамалық орталық» деп аталатын, теңізге шыға алмайтын дамушы елдер үшін халықаралық талдамалық орталық құруды қаулы етеді.

1.2. Талдамалық орталықтың штаб-пәтері Моңғолия, Ұлан-Баторда орналасқан. Қатысушылар Талдамалық орталыққа басқа елдерде өкілдіктерін құруға уәкілеттік бере алады.

II бап

Халықаралық талдамалық орталықтың мақсаттары

2.1. Халықаралық талдамалық орталықтың жалпы мақсаты теңізге шыға алмайтын дамушы елдердің Дүниежүзілік сауда ұйымы шеңберіндегі келіссөздерді қоса алғанда, адамның даму деңгейін арттыру мен кедейлік ауқымын қысқартудың түпкілікті мақсатымен халықаралық саудадан пайда табу мүддесінде әлеуетін өрістету қабілетін нығайту үшін жоғары сапалы ғылыми зерттеулер жүргізу және ақпараттық-насихаттау жұмысын жүзеге асыру болып табылады.

2.2. Осының негізінде, Халықаралық талдамалық орталық мынадай қызметпен айналысады :

а) саудамен, саудада көмек көрсетумен, көлік және транзитпен байланысты мәселелер бойынша ғылыми және талдамалық зерттеулер жүргізеді және осындай зерттеулердің нәтижелері туралы ақпарат таратады, сондай-ақ теңізге шыға алмайтын дамушы елдер үшін қызығушылық тудыратын мәселелер бойынша деректер базасын құрады ;

б) теңізге шыға алмайтын дамушы елдер арасында транзиттік тасымалдармен, инфрақұрылымға инвестициялармен, саудада көмек көрсетумен және сауданы дамытуға жәрдемдесумен, сауда келіссөздерімен, кедейлік ауқымын қысқартумен және экономикалық өсумен байланысты негізгі мәселелер бойынша олардың талдамалық әлеуетін нығайту мақсатында ынтымақтастықты дамытуға жәрдемдеседі;

с) теңізге шыға алмайтын дамушы елдердің алдында тұрған қиын міндеттерді неғұрлым жақсы түсінуді қамтамасыз ету мақсатында ақпарат алмасуды және желілік өзара іс-қимыл жасауды жүзеге асырады;

д) негізгі мәселелер бойынша талдамалық және ғылыми зерттеулер жүргізу арқылы Алматы іс-қимыл бағдарламасын тиімді жүзеге асыруға бағытталған стратегиялар мен саясатты әзірлеуге үлес қосады ;

е) теңізге шыға алмайтын дамушы елдер үшін қызығушылық тудыратын, әлемдік қаржы-экономикалық дағдарыстың салдары, климаттың өзгеруі және азық-түлік

қауіпсіздігінің болмауы сияқты жаһандық экономикалық проблемаларға қатысты теңізге шыға алмайтын дамушы елдердің пікірлері мен тәсілдерін жақындастыруға жәрдемдеседі;

f) теңізге шыға алмайтын дамушы елдердің ерекше қажеттілігі мен жоспарланған талдамалық және ғылыми зерттеулерді жүзеге асыру үшін қаржылық және техникалық ресурстарға қажеттілігі туралы хабардар болуын арттыру мақсатында Біріккен Ұлттар Ұйымы жүйесінің ұйымдарын қоса алғанда, халықаралық ұйымдармен және даму процесі бойынша әріптестермен тұрақты қарым-қатынастарды реттейді;

g) теңізге шыға алмайтын барлық дамушы елдерге, даму процесі бойынша әріптестерге және басқа да әріптес ғылыми-зерттеу мекемелерін, теңізге шыға алмайтын дамушы елдердің пайдалануы үшін және олардың мүддесінде жариялымдарды, ғылыми зерделеулердің нәтижелері туралы деректерді және талдамалық зерттеу материалдарын ұсынады.

III бап

Функциялары

Талдамалық орталық өз алдына қойылған міндеттерді шешу үшін:

3.1. теңізге шыға алмайтын дамушы елдердегі мамандандырылған мекемелермен, Біріккен Ұлттар Ұйымы жүйесінің ұйымдарын қоса алғанда, халықаралық ұйымдармен, оның ішінде неғұрлым аз дамыған елдермен, теңізге шыға алмайтын дамушы елдермен және дамушы шағын арал мемлекеттері бойынша Жоғарғы өкілдің Кеңсесімен, Біріккен Ұлттар Ұйымының Даму бағдарламасымен, Біріккен Ұлттар Ұйымының Сауда және даму жөніндегі конференциясымен, Біріккен Ұлттар Ұйымының Университетімен, Дүниежүзілік банкпен, Біріккен Ұлттар Ұйымының өңірлік комиссияларымен, Дүниежүзілік сауда ұйымымен, Халықаралық автомобиль көлігі одағымен, Дүниежүзілік кеден ұйымымен және донор-елдермен, теңізге шыға алмайтын дамушы елдердегі және басқа да елдердегі ғылыми-зерттеу мекемелерімен, сондай-ақ жеке сектор мен азаматтық қоғамның негізгі құрылымдарымен байланысты реттейді және теңізге шыға алмайтын дамушы елдер мен дамушы транзит елдеріне қатысты нақты тақырыптар бойынша жұмыс топтарының кеңестерін және онлайн талқылауларын ұйымдастырады.

3.2. теңізге шыға алмайтын дамушы елдер Тобының әртүрлі кеңестері мен конференцияларында қарау үшін идеялар мен практикалық іс-әрекеттерге бағытталған ұсыныстарға бастамашылық жасайды.

3.3. теңізге шыға алмайтын дамушы елдердің Алматы іс-қимыл бағдарламасын ұлттық, сол сияқты өңірлік және халықаралық деңгейлерде жүзеге асыру бойынша барлық қызметі, Талдамалық орталықтың және басқа да әріптес мекемелердің ғылыми зерттеулерінің нәтижелері, талдамалық зерттеулер және жоғары деңгейдегі аса

маңызды кеңестердің, конференциялар мен кездесулердің қорытындылары туралы ақпаратты тарату үшін веб-сайт жасап шығарады.

3.4. Алматы іс-қимыл бағдарламасын жүзеге асыру үшін веб-сайтты және басқа да құралдарды пайдалана отырып, теңізге шыға алмайтын дамушы елдерге қатысты тиісті ақпаратты, сондай-ақ теңізге шыға алмайтын дамушы елдердің мүддесінде халықаралық ұйымдар мен донор-елдер әзірлеген шаралар мен бағдарламаларды жинауды, жүйеге келтіруді, талдау мен таратуды жүзеге асырады.

IV бап

Талдамалық орталық мүшелерінің құрамы және оның жұмысын ұйымдастыру

4.1. Теңізге шыға алмайтын дамушы елдерге арналған Халықаралық талдамалық орталыққа мүше болу осы Келісімге барлық қатысушы мемлекеттер үшін ашық;

4.2. а) Біріккен Ұлттар Ұйымына кез келген мүше мемлекеттің, b) Біріккен Ұлттар Ұйымы жүйесі ұйымдары мен 3.1-тармақта көрсетілген онымен байланысты мекемелердің, үкіметаралық және үкіметтік емес ұйымдардың өкілдерін, сондай-ақ d) жеке сектордың өкілдерін Басқарушылар кеңесі бақылаушылар ретінде Талдамалық орталыққа қосылу үшін шақыра алады.

V бап

Органдар

5.1. Талдамалық орталықтың құрылымы Басқарушылар кеңесі мен хатшылықты қамтитын болады.

VI бап

Басқарушылар кеңесі

6.1. а) бұдан әрі «Кеңес» деп аталатын, Басқарушылар кеңесі осы Келісім құратын жоғары орган болып табылады. Оның құрамына осы Келісімге қатысушы болып табылатын әрбір мүше мемлекеттен бір-бір өкілден кіреді;

б) Кеңестегі өкілдер өзінің теңізге шыға алмайтын дамушы елдерді дамыту ісіне адалдығы және оларды дамытуға өз үлесін қосқаны үшін танымал болған және сауда саясатының түпмәтініндегі және теңізге шыға алмайтын дамушы елдердің алдында тұрған негізгі проблемалар мен қиын міндеттер туралы хабардар жоғары лауазымды т ұ л ғ а л а р б о л ы п т а б ы л а д ы ;

с) Талдамалық орталықтың атқарушы директоры Басқарушылар кеңесі Хатшысының функцияларын орындайды және осы лауазымында Кеңес отырыстарының хаттамаларын дайындайды және оларды Кеңес мүшелерінің арасында

т а р а т а д ы ;

д) Кеңестің қалауы бойынша оның отырыстарының жұмысына қатысу үшін
бақылаушылар шақырылуы мүмкін.

6.2. Кеңес Талдамалық орталықтың ғылыми-зерттеу және стратегиялық басымдықтарын айқындауды қоса алғанда, стратегиялық және саяси маңыздылық мәселелері бойынша Кеңес пен хатшылыққа консультациялық көмек көрсету үшін Консультациялық кеңес құру туралы шешім қабылдай алады. Сондай-ақ, Консультациялық кеңестің мүшелері ақпаратты тарату мен талқылаулар өткізуді қоса алғанда, алқалық талдау жүргізу және Талдамалық орталықтың бағдарламалары мен бастамаларына қолдау көрсету үшін тартылады. Консультациялық кеңестің құрамына теңізге шыға алмайтын дамушы елдермен байланысты проблематика бойынша арнайы білімі бар халықаралық ғылым қайраткерлері мен стратегиялық мәселелер жөніндегі практик-мамандар кіреді. Консультациялық кеңес мүшелері Басқарушылар кеңесінің отырыстарына мезгіл-мезгіл қатыса алады.

6.3. Басқарушылар кеңесі әрбір кезекті сессиясында Төраға мен Төрағаның орынбасарын сайлайды. Төраға мен Төрағаның орынбасары өкілеттіктерінің мерзімі Кеңестің кезекті сессиясына дейін жалғасады. Төраға немесе ол болмаған кезде Төрағаның орынбасары Кеңес отырыстарына басшылық етеді. Егер Төраға өзін сайлаған бүкіл сессияның ішінде өзінің функцияларын орындауға жағдайы болмаса, Төрағаның орынбасары осы сессияның қалған бөлігінде Төраға ретінде болады.

6.4. Кеңес мүшелерінің өкілеттік мерзімі тағы да бір мерзімге қайта сайлану мүмкіндігімен екі жылды құрайды.

6.5. Кеңес өзінің рәсімдер қағидаларын қалыптастырады және бекітеді.

6.6. Кеңес Талдамалық орталықтың бюджетін, жұмыс бағдарламасын және қаражат жинау жөніндегі іс-шараларды қоса алғанда, оның қызметінің барлық аспектілерін қарайды және бекітеді. Атқарушы директор жылдық баяндаманы Кеңестің қарауына ж а н е б е к і т у і н е ұ с ы н а д ы .

6.7. Кеңес кезекті сессияларын жылына бір рет өткізеді. Оның Төрағасы кезектен тыс сессияларды шақыруы мүмкін.

VII бап

Хатшылық

7.1. Атқарушы директор басқаратын Талдамалық орталықтың хатшылығы қызметкерлердің шағын тобын білдіреді, оның құрамына жедел мәселелер жөніндегі директор, бас талдаушы, зерттеушілер мен талдаушылар, әкімшілік және қаржы мәселелері жөніндегі көмекші кіреді. Осы шағын топтың құрамы Талдамалық орталықтың қызметімен байланысты формальдылықтарды тиісінше орындау үшін қажетті қызметкерлердің ең аз санымен шектеледі.

7.2. Атқарушы директор Кеңеске, оның Төрағасы мен Төрағаның орынбасарына өздерінің ресми функцияларын орындауда көмек көрсету үшін жауап береді.

7.3. Хатшылық Атқарушы директордың басшылығымен әрекет ете отырып, м ы н а д а й :

- а) жылдық жұмыс бағдарламасын дайындау және жүзеге асыру;
- б) бюджетті дайындау;
- с) персонал туралы ережелер мен қағидаларды және қаржылық ережелер мен қағидаларды, сондай-ақ Талдамалық орталықтың тиімді жұмыс істеуі үшін қажетті кез келген басқа әкімшілік құжаттарды дайындау және қайта қарау;
- д) қаражат жинау жоспарларын және ақпараттық-насихаттау жұмысы бағдарламаларын дайындау және әзірлеу; сондай-ақ
- е) Талдамалық орталықтың қызметіне жәрдемдесу мақсатында халықаралық ұйымдармен, теңізге шыға алмайтын дамушы елдердің сарапшыларымен, ғылыми қоғамдастық мүшелерімен, сондай-ақ азаматтық қоғам мен жеке сектордың өкілдерімен желілік өзара іс-қимылды реттеу функцияларын орындайды.

VIII бап

Қаржы

8.1. Кеңес төрағасы Атқарушы директордың тарапынан көрсетілетін көмекке сүйене отырып, теңізге шыға алмайтын дамушы елдер үшін Талдамалық орталықтың бағдарламалары мен іс-шараларын жүзеге асыруға арналған қаржылық және техникалық ресурстарды жұмылдыру үшін жауап береді.

8.2. Мүше-мемлекеттерге Талдамалық орталықтың бюджетіне еркін жарналар енгізу өтініштері жасалатын болады. Талдамалық орталыққа да жеке ұйымдарды қоса алғанда, атап айтқанда ғылыми зерттеулерді, экономикалық зерттеулерді, семинарлар мен конференцияларды қоса алғанда, даму саласындағы бағдарламаларды қаржыландыру үшін халықаралық ұйымдардың және дамыту процесі жөніндегі басқа әріптестердің қаражатын жұмылдыруға мандат берілетін болады.

8.3. Кеңес пен Атқарушы директор Талдамалық орталықтың негізгі қызметін қаржыландыруға арналған тиісті ресурстарды жұмылдырумен айналысады. Бұл ресурстар Нысаналы қорға орналастырылатын болады. Нысаналы қорды басқару Кеңес мүшелерімен келісілген тәртіппен жүзеге асырылатын болады.

8.4. Талдамалық орталықтың қаржылық жағдайы мен перспективаларын сыртқы ревизорлар талдайтын болады, олардың есептері Басқарушылық кеңеске оның отырыстарының бірінде ұсынылады.

IX бап

Талдамалық орталықтың артықшылықтары мен иммунитеттері

Талдамалық орталықтың халықаралық мәртебесі бар және ол Моңғолияда жұмыс істейтін, әдетте соған ұқсас халықаралық ұйымдарға берілетін артықшылықтар мен иммунитеттерді пайдаланады. Осыған сүйене отырып, Талдамалық орталық оның мәртебесіне және Халықаралық талдамалық орталыққа және оның персоналына берілген артықшылықтар мен иммунитеттерге қатысты өзі болатын елмен келісім жасайды.

X бап

Қол қою, ратификациялау, қабылдау, бекіту

10.1. Осы Келісім 2010 жылғы 1 қарашадан бастап 2011 жылғы 31 қазанға дейін Нью-Йорктағы Біріккен Ұлттар Ұйымының Орталық мекемелерінде теңізге шыға алмайтын дамушы елдердің қол қоюына ашық.

10.2. Осы Келісім оған қол қойған мемлекеттердің ратификациялауына, қабылдауына немесе бекітуіне жатады.

10.3. Ратификациялау грамоталары немесе бекіту немесе қабылдау туралы құжаттар депозитарийге сақтауға тапсырылады.

XI бап

Қосылу

11.1. Осы Келісімге қол қоймаған, теңізге шыға алмайтын кез келген дамушы ел осы Келісімге қосыла алады. Қосылу туралы құжаттар депозитарийге сақтауға тапсырылады.

XII бап

Күшіне енуі

12.1. Осы Келісім оныншы ратификациялау грамотасы немесе қабылдау, бекіту немесе қосылу туралы оныншы құжат сақтауға тапсырылған күннен кейінгі алпысыншы күні күшіне енеді.

12.2. Осы Келісімді ратификациялаған, қабылдаған немесе бекіткен немесе оныншы ратификациялау грамотасы немесе қабылдау, бекіту немесе қосылу туралы оныншы құжат сақтауға тапсырылғаннан кейін оған қосылған әрбір мемлекет үшін осы Келісім осындай мемлекет өзінің ратификациялау грамотасы немесе қабылдау, бекіту немесе қосылу туралы құжатын сақтауға тапсырған күннен кейін алпысыншы күні күшіне енеді.

XIII бап

Түзетулер

13.1. Осы Келісім қатысушылар арасындағы жазбаша келісім арқылы өзгертілуі мүмкін. Кез келген қатысушы мемлекет осы Келісімге түзету ұсына алады. Атқарушы директор ұсынылып отырған түзету туралы қатысушы мемлекеттерге хабарлайды. Түзету қатысушы мемлекеттердің үштен екісін білдіретін көпшілікпен қабылданады. Қабылданған түзетудің мәтіні депозитарийге ұсынылады, ол бұл туралы қатысушы мемлекеттеріне хабарлайды.

13.2. Осы баптың 1-тармағына сәйкес қабылданған түзету барлық қатысушы мемлекеттердің қабылдағаны туралы құжаттар сақтауға тапсырылғаннан кейін алпысыншы күні күшіне енеді. Түзетулерді қабылдау туралы құжаттар депозитарийге сақтауға тапсырылады. Түзетулер күшіне енгеннен кейін қатысушысы болатын мемлекет үшін түзетуі бар Келісім міндетті болып табылады.

XIV бап

Дауларды реттеу

14.1. Қатысушылар арасындағы осы Келісімді түсіндіруге немесе қолдануға қатысты барлық даулар келіссөздер арқылы немесе басқа келісілген реттеу тәртібімен реттеледі.

XV бап

Депозитарий

15.1. Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас хатшысы осы Келісімнің депозитарийі болып табылады.

ОСЫНЫ КУӘЛАНДЫРУ ҮШІН тиісті деңгейде өз елдерінің үкіметтері уәкілеттік берген, төменде қол қоюшы өкілдер осы Келісімге қол қойды.

2010 жылғы 24 қыркүйекте Нью-Йоркте ағылшын тілінде жалғыз данада жасалды.

Осымен жоғарыда келтірілген мәтін 2010 жылғы 24 қыркүйекте ағылшын тілінде жалғыз данада жасалған және түпнұсқасы Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас хатшысына сақтауға тапсырылған Теңізге шыға алмайтын дамушы елдер үшін Халықаралық талдамалық орталық құру туралы көпжақты келісімнің түпнұсқа көшірмесі болып табылатын куәландырамын.

	Б а с	х а т ш ы н ы ң	к ө м е к ш і с і ,
		Қ ұ қ ы қ т ы қ	м ә с е л е л е р
басқармасының бастығы үшін	(қолы)	Стивен Матейас	
	Б і р і к к е н	Ұ л т т а р	Ұ й ы м ы

Нью-Йорк, 2010 жылғы 14 қазан

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і !
Бұдан әрі Келісімнің ағылшын тіліндегі мәтіні берілген.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК